

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨЗ ТАҒДЫРЫН ӨЗІ ШЕШУІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АУМАҚТЫҚ ТҰТАСТЫҒЫ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ КОАЛЛИЗИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ ҮҚТИМАЛ ЖОЛДАРЫ

Аханов Айдын Азаматұлы

akhanov_aidyn@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, заң факультеті, халықаралық құқық кафедрасының I курс магистранты

Әлемдік қауымдастықтың алдында аталған кезеңде көптеген күрделі мәселелерді шешу тұр, олардың ішінде ең ауыры – ұлттық-этникалық мәселе. Қарулы соғыстармен және зорлық-зомбылықпен ілесе жүретін этникалық жанжалдар әлемнің әртүрлі елдерінде жиі туындайды, бұл ретте олар тек сондай-ақ Африка, Азия, Латын Америкасы сияқты дамушы елдерде ғана емес, сонымен қатар өркениетті Еуропада, Солтүстік Америкада және жалпы атасақ – бұрынғы социалистік елдерде де болып тұрады. Этникалық жандалдардың нәтижесі көбінесе - жаңа мемлекеттер құру болып табылады. Олардың бірқатары халықаралық қауымдастықпен қабылданды, мысалы 1993 жылы Эфиопиядан тәуелсіздік алған Эритрея. Басқа лардың мәртебесі – Косово, Абхазия, Оңтүстік Осетия, Таулы Қарабах, Палестина, Самалиленд, Солтүстік Кипрдің Түрік Республикасы – осы уақытқа дейін белгіленбеген, яғни, ұлтаралық не болмаса діни жанжалдардың көзі болып табылады.

Жердің этнографиялық картасына қарайтын болсақ, қазіргі заманғы адамзат күрделі этникалық жүйеден тұрады, ол бірнеше мыңдаған түрлі нәсілден тұратын этникалық қауымдастықты құрайды, яғни, ұлттар мен ұлыстар, тайпалар, 2 этникалық топтан және т.б. құрайды. Әлемде қазір 200 мемлекеттің құрамында 5000 халық өмір сүреді,[1] яғни олардың 90% көпұлтты мемлекет құрамында. Осылайша заманауи мемлекеттер - көпұлтты болып келеді. Мысалы, Индияда әртүрлі түрдегі бінеше жүздеген этникалық қауымдастық тұрады, Индонезияда 150-ден астам, Кенияда 70-тен астам және т.с.с. Мұндай этникалық байланыстар әлемдік тәртіпке және мемлекет ішіндегі тұрақтылыққа да күшті әсер етеді. Әдетте, жанжал азаматтардың әлеуметтік-саяси құқықтары тапталған немесе шектелген жерлерде туындайды. Осының салдарынан ұлттық сана билікке және басқа да қауымдастыққа оппозицияда болады, аталған мемлекеттерде мойындалған нысандарда өзін өзі айқындау мүмкіндігі болмаған кезде қарама-қайшылықтар ашық қарулы жанжалға көшеді.

Аталғанға байланысты халықтың өзін-өзі айқындауы құқығы және аталған құқық мемлекеттің бірлігі мен аумақтық біртұтастығы туралы халықаралық қағидатқа қалай сәйкес келетіні туралы маңызды мәселесі туындайды. Осы екі қағидат арасында қандай да бір қарама-қайшылық бар деген пікір таралған. Шындығында да, заманауи халықаралық құқық бір жағынан негізді қалаушы принцип ретінде өзін-өзі айқындау бостандығын қолдайды, ал басқа жағынан қарағанда- халықаралық қатынастар мен ұлтішілік саясаттың стратегиялық принципі ретінде олардың ұлттық, саяси бірлігіне, мемлекеттің аумақтық біртұтастығы жағына шығады. Мысалы, «Колониялық елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы декларация» «барлық халықтың тең құқылығы мен өзін өзі айқындау принципінің құрметтеуін» талап ете отырып, біруақытта: «Ұлттық бірлікті және елдің аумақтық біртұтастығын жекелей немесе толықтай бұзуға бағытталған кез келген әрекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне сәйкес келмейді» (6-тармақ) деп ұйғарады, яғни барлық мемлекеттер «барлық халықтардың тәуелсіз құқықтары мен аумақтық біртұтастығын» қадірлеуі тиіс.

Сонымен бүгінгі күні халықтардың өзін өзі айқындауы бостандығы принципімен келісе отырып, мемлекеттің аумақтық біртұтастығын қалай сақтауға болады? Немесе сұрақты басқаша қойсақ - мемлекеттің аумақтық біртұтастығын қозғамай отырып, кез келген этникалық қауымдастықтың өзін өзі айқындау құқығын ішке асыруға болады? М.

Померанс ең басынан бастап «екіжақты стандарттардың» саясатын пайдалануды ұйғаратын халықтардың өзін өзі айқындауға құқықтары қарама қайшылықты және қауіпті деп түсіндіретін БҰҰ тұжырымдамасы жанжалды шешу үшін конструктивті және бейбіт шешімге йкелуге мүмкіндік бермейді деп есептейді. Бұл ұстанымға жауап ретінде мәселе БҰҰ Декларациясының мәтінінің екіжақтылығында емес деп санаймыз. Декларация БҰҰ БА 1960 жылы басқа, мүлдем нақты, өзгеше мақсатпен қабылданды - колониялық тәуелділік мәселесін шешу және аумақтық өзін өзі айқындау мәселесі теуелді мемлекеттер мәртебесін айқындау шеңберінде талқыланды. Ал айқындалған мемлекет-тердегі халықтардың өзін өзі айқындау мәселесі қозғалмаған. Және қазіргі уақытта әлемдегі деколонизация практика жүзінде аяқталды және әлемде классикалық колония қалған жоқ[2].

Декларация принциптері олардың қазіргі заманғы интерперетациясы туралы ашық пікір таластар туындатады.

«Қазіргі уақытта жаңа мемлекетті мойындау немесе әлемдік қауымдастықпен мойындалмауды негіздейтін халықаралық құқықпен реттелген нақты өлшем шарттар жоқ, ал ал де-факто жүйесі мемлекеттердің ұлттық біртұтастығына, не болмаса ұлттың өзін-өзі айқындау құқығына кепілдік бере алмайды»[3]. Нәтижесінде аумақтық тұтастықта, ұлттың өзін-өзі айқындауы да саяси мүдделерге байланысты басымды болып табылады.

Шыныменде, біз бүгін халықаралық қауымдастық осы құқықты біреудің және екінші басқа біреулердің бас тартуымен болатынын байқаймыз, осы жерде Косоводағы, Югославиядағы, Ауғанстандағы, Грузиядағы және Таулы Қарабахтағы жағдайларға әр түрлі тәсіл бар екені белгілі. М. Коскенниemi аумақтық тұтастықты бұзу немесе этникалық қауымдастықтың мемлекеттік-саяси нысанын өзгерту талаптары ішкі мемлекеттік қолайлықты ажыратуға және бәсекелес қоғам арасындағы қайшылыққа әкеп соғуға қабілетті "ақырын әрекеттегі мина" болып табылады деп ұйғарады.[4] Осы жағдайда қоғамның қайсысы этникалық өзара анықтауға лайықты, қайсысы лайықты емес екенін айқындау қиын. Осылайша, шыныменде жүзінде екіжүзділікпен және жағдайдың айқын еместігі, бірақ шынайы осындай ма? Егер біз осылай ойласақ, онда біз халықаралық құқықтың өзінің құқықтық реттеу жүйесінің тұтастығы ретінде өмір сүруіне күмәнданатын боламыз. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1970 жылғы 24 қазанда қабылдаған БҰҰ Жарғысына сәйкес мемлекеттер арасында достастық қатынастар мен ынтымақтастыққа қатысты Халықаралық құқықтың қағидаттары туралы декларацияда: «Жоғарыда жазылған қағидаттарды талқылаған және қолдану кезінде (Бізге мыналар қызықты: 2-бет 1514 (XV) бұрыштамасында "барлық халықтың өз-өзін анықтауға құқығы бар; осында олар өздерінің саяси мәртебесін белгілейді және өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын жүзеге асырады», 6-бет «елдің ұлттық бірлігі мен аумақтық тұтастықты жартылай немесе толық жоюына бағытталған қандай да бір тәсіл Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттарымен және қағидаттарымен біртұтас емес») өзара байланысты және әрбір қағидат барлық қағидаттардың мәтінінде талқылануы тиіс». Осы көзқараспен, біз қарастырып отырған қағидаттар тек қана бір-біріне қарама-қайшылықта болмай, белгілі бір үндестікте болуы тиіс.

Аумақтық тұтастық қағидаты мемлекетаралық қатынас саласына жатады және мемлекеттердің аумақтық тұтастығын және ұлттық бірлігін сыртқы, шетел мемлекеттердің тарапынан қол сұғушылықтардан қорғаумен танылды, сол уақытта өзін-өзі айқындау қағидаты бұл өзінің саяси мәртебесін, сондай-ақ өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын еркін айқындаудың ажыратусыз құқығы. Ю.Г. Барсегов аумақтық ара-жіктің жоғары құқықтық титулы ұлттық өзін-өзі анықтау құқығы деп атап өтеді. Олар оның мазмұнын ғана емес, аумақтық құқық шегін айқындайды.

Халықтың еркін келісімімен ғана мемлекеттің аумақтық мәртебесі айқындалуы мүмкін және тек белгіленген кво-мәртебесі бейбітшілікті және халық арасында достастық қатынасты кепілдендіруі мүмкін.[5]

Біз жоғарыда айтқан Халықаралық құқық қағидаттары туралы декларацияда сепаратизм мен этникааралық қайшылықты болдырмау үшін келесі ережелер бекітілді "Жоғарыда келтірілген тармақтар да өз әрекеттерінде тең құқықтық және халықтың өзін-өзі

анықтау қағидаттарын сақтайтын егеменді және тәуелсіз мемлекеттерінің аумақтық тұтастығын емес саяси бірлігін бөлшектеу және жартылай немесе толық бұзуға әкелуі тиіс кез келген әрекетті санкциялану немесе көтермелеу сияқты талқыланбауы тиіс, осы қағидат жоғарыда жазылған және осының салдарында осы аумақта тұратын барлық халықтың нәсілін және діни-сенімін немесе түрінің түсін білдіретін үкіметі болады». Тең құқықтықты және халықтың өзін-өзі билеу қағидаты халықаралық құқықтың орнықты қағидатының бірі болып табыла отырып, барлық халықтың өз тағдыры мен өзі иелік етудің ажыратусыз құқығын бекітеді. Осымен, барлық халықтар мен ұлттар өзін-өзі билік етуге құқығы бар, ол осы халықтың қалауын еркін білдіруі және оның әр түрлі шарттарды басқа мемлекетке кіруі арқылы іске асырылады, яғни саяси мәртебені еркін таңдауы.

Халықтың өзін-өзі билік ету құқығын жүзеге асыру аумақтық бірлік пен тұтастықты бұзу ретінде қаралмайды деп қорытындыға келеміз. Халықаралық құқық шекарасы халықтың өзін-өзі билік етуге негізделген мемлекеттердің ғана аумақтық тұрақтылығын қорғайды.

Екі қағидат арасында осындай арақатынас 1993 жылғы 25 маусымда Адам құқығы жөніндегі бүкіләлемдік конференцияда қабылданған Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің қорытынды актісінде, сондай-ақ Вена Декларациясында және Іс-әрекет бағдарламасында бекітілген: «Барлық халық өзін-өзі билік етуге құқығы бар. Осы құқықпен олар өзінің саяси мәртебесін еркін белгілейді және өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуын еркін қамтамасыз етеді». Адам құқықтары жөніндегі Бүкіләлемдік конференция өзін-өзі билік етуге құқықты адам құқықтарын бұзу ретінде бас тарту деп қарайды және осы құқықты тиімді жүзеге асыру қажеттілігі деп көрсетеді.

Қазіргі заманғы құқық сецессияға ғана өзін-өзі билік ету құқық қағидатына әкеп соқпайды – тәуелсіз мемлекетті бөлу және құру мүмкіндігі, ол оны едәуір кең қарауға мүмкіндік береді. Көптеген елдер, оның ішінде заңнамалық деңгейде өз мәдениеті, тұрмыс, діні бар этностардың ерекшеліктерін есепке алудың әр түрлі мүмкіндіктерін ұсынады. Бір мемлекеттер, Австралия, Канада сияқты мемлекеттер мәдениет саясатын пайдаланады, басқалары арнайы әкімшілік нысан – автономия, федерация субъектілері және т.б. өзара келісімі бойынша құру негізінде федеративтік қатынас құрады – Бельгия, Австрия және т.б. Өзін-өзі билік ету саяси біреуде көрінуі міндетті емес, бірақ еркіндікті танусыз бөлуге өзін-өзі билік етуге құқық жоқ».[6].

1985 жылы ағылшын-ирландтық келісім қабылданды, оның бірінші бабында: «Екі үкімет:

- Солтүстік Ирландияның мәртебесінде кез-келген өзгеріс Солтүстік ирландия халқы көпшілігінің келісімімен ғана болуы мүмкін деп растайды;

- осы кезде Солтүстік Ирландия халқының көпшілігі Солтүстік Ирландия мәртебесінде өзгерістер болғанын қаламайтынын мойындайды;

- егер болашақта Солтүстік Ирландия халқының көпшілігі Біріккен Ирландияны құруға анық қалауын және қағаз жүзінде келісімін берген жағдайда олар осыған ынтығу күшін беруге тиісті парламенттерде заңнамаларды ұсынып, қолдайтын болады деп жариялайды». Осылайша, «екі үкімет» «ирландық халық» немесе «Ирландия халқының» барлығы емес және «Британия халқы емес», атап айтқанда «Солтүстік Ирландия халқы» өзін-өзі билік ету субъектісі болып табылады және болашақта бұл аумақ Солтүстік Ирландия халқының еркіндігіне тәуелді.

Қолданылған әдебиет

- 1 Encyclopedia International. N.Y.: Grolier Inc, 2010
- 2 International law and Self-determination: the Interplay of the Politics of Territorial Possession with formulations of Post-colonial “National”, Joshua Castellino, The Hague: Wighoff, 2000

- 3 Хабриева Т.Я. Современные проблемы самоопределения этносов, М.: Инс-т законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве РФ, 2010.
- 4 Koskeniemi M. The Politics of International law - 20 years later // European J. of Intern. law. - Oxford, 2009. - vol. 20, n 1. - p. 7-
- 5 Барсегов Ю.Г. Обязательная сила права народов на самоопределение и средства его обеспечения, М.: Международный гуманитарный фонд арменоведения, «Армбук-Маштоц», 1993
- 6 Барсегов Ю.Г. Самоопределение и территориальная целостность, М., 1993. с.8.

УДК 378

ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Ахметова Асем

askhatkyzya@gmail.com

Студентка 1 курса ЕНУ имени Л.Н.Гумилева по специальности международное право,
Астана, Казахстан

Научный руководитель - Алтынбасов Б.О.

Если взять само слово «образование», то оно прежде всего означает, что нечто — или в нашем случае некто — образуется, т. е. создается, сотворяется. В некотором существенном смысле речь, таким образом, идет о формировании человека как человека. Человек, стало быть, образуется.

Потому образование — в нашем случае высшее образование — выступает в качестве особой сферы взаимодействия интересов индивида и интересов общества. Эта констатация, сама по себе довольно-таки банальная, сегодня, в начале XXI века, наполняется совершенно новым содержанием. Традиционная схема такова: обществу требуется какое-то количество специалистов с высшим образованием. Вследствие этого определенная доля молодых людей получает статус избранных, т. е. привилегированных. Эти люди по тем или иным критериям — будь то, скажем, финансовые возможности родителей, показатель их одаренности и т. п., отбираются, в результате чего в будущем им открывается доступ к более широкому кругу возможностей. В целом же доля тех, кто обретает такие возможности, ограничивается текущими и еще более — перспективными потребностями (а вместе с тем и ресурсами) общества в профессиональных специалистах той или иной квалификации.

Иначе говоря, высшее образование в современном обществе играет две роли. Его первая, традиционная роль — это подготовка специалистов. Но есть и вторая роль, которую мы назвали бы человеческой подготовкой. Хотелось бы обратить внимание на такое обстоятельство: образование для человека является ресурсом, притом ресурсом очень и очень важным. И эту вторую роль образования ни в коем случае не следует считать вторичной, производной. Она ничуть не менее важна, чем первая. С этой точки зрения, между прочим, проблема перепроизводства специалистов с высшим образованием выглядит совершенно иначе, чем нередко считается. Вообще говоря, даже не имея возможности найти работу по полученной им специальности, человек с высшим образованием будет иметь больше возможностей на рынке труда [1].

Высшее образование обретает сегодня массовый характер при этом стремительно нарастает его институциональное многообразие. По мере развития этих процессов